

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ

ЗАҢДЫ ТУПРАҢАЙ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАҢАТ ТІРКЕУ
20 01 ж. 09 қараша сәуегізінде
№ 3818-1905-011
Тіркеу қызыметі бойынша
1992 ж. 03 тамыз

Қазақстан Республ
және қар

тап және
тетіндегі

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ

ЗАҢДЫ ТУПРАҢАЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ

20 _____ ж. _____ сәуегізінде
№ _____

Республикасы
және қаржы ұйымдарын рет
лау жөнінде
Төрағасы (Төрағасының орынбасары)

2007 ж-ғы «23» 12

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ

ЗАҢДЫ ТУПРАҢАЙ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАҢАТ ТІРКЕУ
20 01 ж. 09 қараша сәуегізінде
№ 330940000114
Тіркеу қызыметі бойынша
1992 ж. 03 тамыз

«НҰРБАНК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ЖАРҒЫСЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ

ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР
20 08 ж. 08 сәуірі
Сүргын 1992 ж. 03 08 ТІРКЕЛДІ
БСН 330940000114

Акционерлердің жалпы жиналысының
«11» қараша 2007 ж-ғы
хаттамасымен бекітілді

АЛМАТЫ 2007 ж.

СМОТРИ
НА ОБОРОТЕ

СМОТРИ
НА ОБОРОТЕ

Осы Жарғы Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес құрастырылған және бұдан әрі «Банк» деп аталатын «Нұрбанк» акционерлік қоғамының заңды тұлға ретіндегі құқықтық мәртебесін анықтайды.

1-тарау. Жалпы жағдайлар

1-бап. Банкінің атауы

1. Банкінің толық атауы:

- а) қазақ тілінде: «Нұрбанк» акционерлік қоғамы;
- б) орыс тілінде: Акционерное общество «Нурбанко»;
- в) ағылшын тілінде: «Nurbank» Joint Stock Company

2. Банкінің қысқаша атауы:

- а) қазақ тілінде: «Нұрбанк» АҚ;
- б) орыс тілінде: АО «Нурбанк»;
- в) ағылшын тілінде: «Nurbank» JSC

2 бап. Банкінің заңды мәртебесі

1. Банк ҚР заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, дербес балансы, корреспонденттік шоты бар, өз атынан мүлдітік әрі жеке мүлдітік емес құқықтарға ие болады және оларды жүзеге асыра алады, міндеттемелерге ие болады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

Банкінің ресми мәртебесі заңды тұлғаның банкі ретінде әділет органдарында мемлекеттік тіркелуімен және ҚР заңнамасына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органның лицензиясы болуымен анықталады.

2. Банкінің меншік нысаны – жеке меншік.

3. Банкінің Қазақстан Республикасы аумағында және одан тыс жерлерде ҚР заңнамасына сәйкес басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысу құқығы бар.

4. Банк өзінің қызметін ҚР заңнамасына, ҚР заңнамасына қайшы келмейтін белігінде банкі тәжірибесінде қолданылатын іскерлік қызмет өрісіндегі әдет-ғұрыптарға, Банкінің осы Жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

3 бап. Банкі қызметінің мақсаттары мен түрлері.

1. Банк жеке және заңды тұлғаларды, Қазақстан Республикасы резиденттері мен бейрезиденттеріне сапалы және кешенді қызмет көрсету мақсатында құрылды.

2. Банк қызметінің мақсаттары:

- 2.1. Қазақстан Республикасында нарық экономикасының қалыптасуы мен одан әрі дамуына көмектесу;
- 2.2. экономиканың түрлі салалары мен секторларына және әлеуметтік саланың қалыптасуына және дамуына көмектесетін қаржы қызметін жүзеге асыру;
- 2.3. табыс табу және оларды акционерлердің мүдделеріне пайдалану;
- 2.4. Банк қызметтерінің өрісін халықаралық нормаларға, стандарттарға және қолданыстағы заңнамаларға сәйкес жүзеге асыру және кеңейту.

3. Банк аталған мақсаттарға қол жеткізу үшін, банктік және басқа операцияларды уәкілетті органның лицензиясына және ҚР заңнамаларына сәйкес жүзеге асырады.

4. Банк ҚР заңнамаларымен тыйым салынбаған қызметтің басқа түрлерін жүзеге асыруға құқығы бар.

4 бап. Банкінің қызметі жөніндегі жалпы мәліметтер

1. Банк клиенттерімен өзінің қызметін тараптардың өзара міндеттемелерін және мүлдітік жауапкершілігін анықтайтын ақылы шарттық негізінде жүзеге асырады.

2. Банкі оқшауландырылған мүліктерге; Банкінің меншік құқына жататын үймереттерге, ғимараттарға, жабдықтарға, түрлі қорларға, акшаларға, сонымен қатар мүліктік құқықтарға не.

3. Банкіде жатқан ұйымдар мен азаматтардың акшалары мен басқа мүліктеріне, тек ҚР заңнамаларында көзделген жағдайлар мен тәртіп бойынша тыйым салынуы немесе өндіріліп алынуы мүмкін.

4. Банк өзінің клиенттерінің, депозиторларының және корреспонденттерінің операциялары, шөттары және салымдары бойынша, сондай-ақ Банкінің жағдандық жәшіктерде, шкафтарда және бөлмелерде сақтауда жатқан мүліктердің құнысын сақтауға кепілдік береді.

Банк құнысы болатын мәліметтер, тек ҚР заңнамаларымен анықталған тәртіппен ашыла алынады.

5 бап. Банк және оның акционерлерінің жауапкершілігі

1. Банк, өз акционерлерінің мүліктерінен оқшауланған мүлікке не және олардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

2. Банк өзінің міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлкімен жауап береді.

3. Акционер Банкінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Банкі қызметімен байланысты, өзіне тиесілі акциялар құнының шегінде заңал тәуекеліне не болады.

4. ҚР заңнамаларында қарастырылған, сондай-ақ Банк немесе мемлекет өздеріне мұндай жауапкершілікті қабылдағаннан басқа жағдайларда, Банк мемлекеттің міндеттемелері бойынша, мемлекет банкінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

6 бап. Банкінің филиалдары мен өкілдіктері

1. Банк Қазақстан Республикасының әр аумағында, және одан тыс жерлерде өзінің филиалдарын және өкілдіктерін ашуға, оларға ереже шеңберіндегі құқықтарды беруге құқылы.

2. Банкінің филиалдары мен өкілдіктері ҚР және олар орналасқан мемлекеттердің аумағындағы заңнамалары белгілеген тәртіппен құрылады, жабылады.

7 бап. Банкі деректемелері

1. Банкінің өзінің қызметін жүзеге асыру үшін қажетті мөрі, бланкалары, логотипі, тауар белгілері (қызмет көрсету белгілері) және басқа деректемелері бар.

2. Банкі деректемелері қазақ, орыс және ағылшын тілінде рәсімделеді.

8 бап. Банкінің атқарушы органының орналасқан жері және қызметінің мерзімі.

1. Атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050013, Алматы қ., Бостандық ауданы, Желтоқсан к., 168 «Б».

2. Банк қызметінің мерзімі шектелмеген.

9 бап. Банк жарғылық капиталы.

1. Банктің Жарғылық капиталының мөлшері орналастырылған барлық жай және артықшылығы акциялардың құнына тең және Қазақстан Республикасы ұлттық валютасымен көрсетіледі.

2. Банктің Директорлар Кеңесі акцияларды орналастыру (өткізу), соның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың жарияланған акциялар мөлшері шеңберіндегі саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі және бағасы туралы шешім қабылдайды.

3. Банк жарияланған акцияларының санын арттыруға Акционерлер жалпы жиналысының шешімі бойынша, сондай-ақ ҚР заң актілерімен көзделген басқа

жағдайларда жол беріледі. Банк Жарғылық капиталын арттыру Банктің жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

10-бап. Банкінің резервтік капиталы және басқа қорлары

1. Банкі қызметінің тиімділігі үшін Банк қажетті Резервтік капиталды, сондай-ақ басқа мақсаттық және арнайы қорларды қалыптастырады. Резервтік капитал акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша ҚР заңнамасы белгілеген тәртіппен, қарапайым акциялар бойынша дивиденттерді төлеуге дейін Банкінің таза табысы есебінен қаржы жылының қорытындысы бойынша қалыптастырылады және Банкі шалдарын жабу үшін пайдаланылады.

Банкінің Резервтік капиталының мөлшері Акционерлердің жалпы жиналысынан шешімімен анықталады және ҚР заңнамасымен белгіленген ең аз мөлшерден аз болуға тиіс емес.

2. Банкінің Резервтік капиталы, басқа мақсаттық және арнайы қорларды алып тастыру және пайдалану тәртібі Банкінің ішкі құжаттарымен анықталады.

2-тарау. Банк акциялары және өзге бағалы қағаздары.

11-бап. Акциялардың түрлері

1. Банк жай және артықшылықты акциялар шығарады.

2. Жай акция дауыс беруге енгізілетін барлық мәселелерді шешкен кезде акционерге дауыс беру құқығы мен акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығын, шекте таза табыс болған жағдайда дивиденттер, сондай-ақ Банк таратылған жағдайда осы Жарғыда және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.

3. Артықшылықты акциялардың меншік иелері - жай акциялардың меншік иелеріне - қоспағанда осы Жарғыда белгіленіп, алдын ала айқындайын кепілдік берілген мөлшерде дивиденттер алуға және Банк таратылған кезде осы Жарғыда және ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен мүлкінің бір бөлігіне басым құқығы бар.

4. Осы баптың 5-тармағында белгіленген жағдайларды қоспағанда, артықшылықты акция акционерге Банкті басқаруға қатысу құқығын бермейді.

5. Артықшылықты акция акционерге Банкті басқаруға қатысу құқығын береді, егер:

1) Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі бойынша артықшылықты акцияларды иеленуші акционердің құқығын шектеуі мүмкін мәселені қараса. Шектеу қаю орналастырылған (сатып алынғандарын шегере отырып) артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде үштен екі бөлігі жоқтап дауыс берген жағдайда осы мұндай мәселе бойынша шешім қабылданды деп есептеледі;

2) Акционерлердің жалпы жиналысы Банкті қайта ұйымдастыру не тарату туралы мәселені қараса;

3) артықшылықты акция бойынша дивидент оны төлеу үшін белгіленген мерзім өткен күннен бастап үш ай ішінде толық мөлшерде төленбесе.

6. Банк өз акцияларын оларды шығаруды мемлекеттік тіркеуден кейін акциялардың жарияланған саны шеңберінде бір немесе бірнеше орналастырулар арқылы тек ақшалай тарау жолымен орналастырады.

7. Толық төленбеген акциялар және Банкімен сатып алынған акциялар дауыс беру құқығына ие болмайды және олар бойынша дивиденттер төленбейді.

12-бап. Банк дивиденттерін төлеу тәртібі

1. Дивидент акционердің өзіне тиесілі акциялар бойынша Банк төлейтін табысы болып табылады.

2. Дивидендтерді төлеу ақпанай жүргізіледі, сонымен қатар, егер де дивидендтер төлеу туралы шешім Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беретін акциялардың жай көпшілік дауысымен қабылданып, және осындай төлем, жария етілген акциялармен немесе Банк шығарған облигациялармен жүзеге асырылуына акционердің жазбаға келісімі болса, артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді есепке алмай, Банк бағалы қағаздарымен жүргізілуі мүмкін. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді бағалы қағазбен төлеуге жол берілмейді.

3. Акцияларды шығарудың сәйкес проспектімен өзге белгіленбеген болса, акциялар бойынша дивидендтерді төлеу келесі кезеңділікпен жүзеге асырылады:

- Банктің артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді төлеу жылына бір рет жүзеге асырылады;

- Банктің жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу акционерлердің жылдық жалпы жиналысы шешімімен жыл қорытындысы бойынша жүзеге асырылады.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы шешім қабылданған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде, бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жариялай отырып, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

4. Орналастырылмаған немесе Банктің өзі сатып алған акциялар бойынша, сондай-ақ егер сот немесе акционерлердің жалпы жиналысы Банктің тарату туралы шешім қабылдаса, дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

5. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген жағдайларды қоспағанда, Банктің артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу Банктің қандай да бір органының шешімін талап етілмейді.

6. Бір артықшылықты акция бойынша дивидендтің кезілдікті мөлшері 1000 (бір мың) теңге көлемінде белгіленеді. Артықшылықты акциялар бойынша есептелетін дивидендтердің мөлшері жай акциялар бойынша осы кезең үшін есептелетін дивидендтердің мөлшерінен аз болмауы керек.

7. Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіппен акциялар бойынша дивидендтерді төлеу мерзіміне дейін Банк ҚР заңнамасына сәйкес мәліметтер көрсетілген дивидендтерді төлеу туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды.

8. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер бірінші кезекте төленеді, одан кейін жай акциялар бойынша дивидендтер төленеді.

9. Дивидендтерді алуға құқылы акционерлер тізімі оларды төлеудің күніне дейінгі күнге жасалуы тиіс. Акционер Банк берешегінің қалыптасу мерзіміне қарамастан, алынбаған дивидендтерді төлеуді талап етуге құқылы.

13-бап. Орналастырылған акцияларды Банктің сатып алуы

1. Орналастырылған акцияларды сатып алу Банктің бастамасы бойынша акционердің келісімімен, Банктің акцияны сатып алуы кезінде оның құнын айқындаудың Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленген тәртіппен бекітілген әдістемесіне сәйкес, оларды кейіннен сату мақсатында немесе Қазақстан Республикасының заңдарына және осы жарғыға қайшы келмейтін өзге де мақсаттарда жүргізілуі мүмкін. Бастапқы бағалы қағаздар рыногында орналастыру кезінде Банктің өз акцияларын сатып алуына жол берілмейді.

2. Егер Қазақстан Республикасының заңдық актілерінде өзге де белгіленбесе, Банктің бастамасы бойынша орналастырылған акцияларды Банктің сатып алуы Директорлар кеңесінің шешімі негізінде жүргізіледі.

3. Банк сатып алған акциялар оның Акционерлерінің жалпы жиналысы кворумын анықтау кезінде есепке алынбайды және ондағы дауыс беруге қатыспайды.

14-бап. Банк облигациялары

1. Банк Директорлар кеңесімен анықталған шығару шарттарына сәйкес, Банктің алдағы қызметі үшін қаражаттарды тарту мақсатында облигацияларды шығаруға құқылы.

2. Облигацияларды шығару тәртібі бағалы қағаздар нарығы жөніндегі заңнамамен реттеледі.

15-бап. Банкінің облигациялары бойынша сыйақы

1. Банк шығарған облигациялар бойынша сыйақы, бір жолғы немесе мерзімді төлеу түрінде белгіленеді, олар облигациялар бойынша оларды өтеуге дейінгі мерзімде (өтеу сәтінде) облигацияны шығару шарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

16 бап. Айырбасталымды бағалы қағаздар

1. Банк айырбасталымды бағалы қағаздар шығаруға құқышы. Айырбасталымды бағалы қағаздарды шығару туралы, бағалы қағаздардың айырбасталым шарттары мен тәртібі жөніндегі шешімді, Банкінің Акционерлерінің жалпы жиналысы қабылдайды.

2. Акцияларға айырбасталымды бағалы қағаздарды шығаруға Банкінің жариялаған және орналастырылған акцияларының арасындағы айырмашылық шінде жол беріледі.

3. Банктің бағалы қағаздарды айырбастау шарттары және тәртібі айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару проспектіде көрсетіледі

17 бап. Банк акционерлерінің құқықтары мен міндеттері

1. Банк акционерінің құқықтары:

- 1) Қазақстан Республикасының заң актілерімен және осы Жарғыда қарастырылған тәртіпте Банкіні басқаруға қатысуға;
- 2) дивиденттер алуға;
- 3) Банк қызметі жөнінде ақпарат алуға, оның ішінде акционерлердің жалпы жиналысымен немесе осы Жарғымен анықталған тәртіпте Банкінің қаржы есептемесімен танысуға;
- 4) Банкті тіркеуден немесе нақтылы ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;
- 5) Банкінің Директорлар кеңесіне сайлау үшін Банкі Акционерлерінің жалпы жиналысына үміткер ұсынуға;
- 6) Банк органдары қабылдаған шешімді сот тәртібімен дауласуға;
- 7) Банкіге оның қызметі туралы жазбаша сауал салуға және Банкіге сауал келіп түскен күннен бастап отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;
- 8) Банкі таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;
- 9) Банкінің акцияларын немесе Банкінің Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленген тәртіппен оның акцияларына айырбасталатын басқа бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға.

Банкінің акционер немесе өзара жасалған келісім негізінде әрекет ететін бірнеше акционерлер, оған (олардың жиынтығында) дауыс беретін акцияларының он және одан да астам пайызына ие, (бұдан әрі Ірі акционер) келесі құқықтарға ие:

- 1) Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізуді талап етуге немесе Акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан Директорлар кеңесі бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы сотқа жүгінуге;
- 2) ҚР заңнамалық актілеріне сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізу жөнінде Директорлар кеңесіне ұсынуға;
- 3) Директорлар кеңесі мәжілісін шақыруды талап етуге;
- 4) өз есебінен Банкінің аудиторлық ұйымының аудит жүргізуін талап етуге.

Банктің артықшылықты акцияларымен бекітілген құқықтар көлемі, осы бап ережелерінен басқа, осы Жарғының II-бабында да көрсетілген.

Банк акционерінің бағалы қағаздарды басымдылықпен сатып алу құқығын жүзеге асыру тәртібі Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленеді.

2. Банк акционерінің міндеті:

- 1) акцияларды төлеу;

2) Банктің акция иелерінің тізілімін жүргізу үшін қажетті берілген акционерге жататын мәліметтердің өзгерісі жөнінде Банктің тіркеушісі мен акцияның атаулы иесіне он күн ішінде хабарлауға;

3) Банкі жөніндегі ақпаратты немесе оның қызметінің қызметтік, коммерциялық немесе заң қорғайтын басқа құпиясын жарияламауға;

4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заң актілеріне және осы Жарғыға сәйкес басқа міндеттемелерді орындауға.

3. Банк және Банктің тіркеушісі егер осы баптың 2 тармағының 2) тармақшасымен белгіленген талаптарды орындамаса акционер жауап бермейді.

3-тарау. Банкті басқару

18 бап. Банк органдары

Банк органдары:

- 1) жоғары органы – Акционерлердің жалпы жиналысы;
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі,
- 3) атқарушы органы – Басқарма.
- 4) ішкі аудит қызметі.

19 бап. Банк акционерлерінің жалпы жиналысы

1. Акционерлердің жалпы жиналысы акционерлерді – Банк акциялары иелерін шақыру арқылы құрылады. Акционерлердің жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.

Банк жыл сайын акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізуге міндетті. Акционерлердің жылдықтан басқа, өзге жалпы жиналыстары, кезектен тыс болып табылады.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қаржы жылы аяқтанған бойда үш айдың ішінде өткізілуге тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс берген кезде әрбір акционердің дауыс саны, оған тиісті дауыс беретін акциялар санына тең болады. Акционерлердің жалпы жиналысын әзірлеу мен өткізуді:

- 1) Басқарма;
- 2) езімен жасалған шартқа сәйкес Банктің тіркеушісі;
- 3) Директорлар кеңесі;
- 4) Банктің тарату комиссиясы жүзеге асырады.

2. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мына мәселелер жатқызылады:

1) Банк жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жана редакциясында бекіту;

1-1) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

2) Банкті ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

3) Банктің жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Банктің орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

3-1) Банктің бағалы қағаздарының айырбасталым шарттары мен тәртібін анықтау, сонымен қатар оларды өзгерту;

4) Банк Директорлар кеңесінің саясат құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;

5) Банктің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;

6) жылдық қаржы есептілігін бекіту;

7) Банктің есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және жыл қорығындылары бойынша Банктің бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;

8) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайлар туындаған кезде Банктің жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;

9) Банкке тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру арқылы Банктің өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;

10) акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы Банктің акционерлерге хабарлау нысанын белгілеу және мұндай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында беру туралы шешім қабылдау;

11) Банк акцияларды Қазақстан Республикасының заңдық актілеріне сәйкес сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесін бекіту;

12) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

13) есеп комиссиясының сан құрамын және өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

14) "алтын акцияны" енгізу және оның күшін жою;

15) акционерлерге Банк қызметі туралы ақпарат беру тәртібін белгілеу, оның ішінде, бұқаралық ақпарат құралын анықтау;

16) заңдық актілерде және осы жартыда шешім қабылдау акционерлердің жаңы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

3. Осы баптың 2-тармағының 1)-3) тармақшаларында аталған мәселелер бойынша Акционерлердің жаңы жиналысының шешімдері Банктің дауыс беретін акцияларының жалпы санының айқын басым көпшілігімен қабылданады.

4. Акционерлердің жалпы жиналысының өзге мәселелер бойынша шешімдері Банктің дауыс беруге қатысушы дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданады.

5. Акционерлердің жалпы жиналысы Банкінің ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Банкінің басқа органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқығы.

6. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын Директорлар кеңесі шақырады. Кезектен тыс Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесі және ірі акционердің бастамасы бойынша шақырылады.

7. Акционерлердің жалпы жиналысына қатынасуда және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімін, Банкі тіркеушісі Банкі акция иелерінің тізілімі деректерінің негізінде жасайды. Аталған тізімді жасау күні Жалпы жиналысты жүргізу жөніндегі шешімді қабылдаған күннен ерте белгілене алмайды.

Акционерлерге Жалпы жиналысты жүргізу жөнінде - отыз күнтізбелік күннен кешіктірілмей, ал сырттай немесе аралас дауыс берген жағдайда жиналыс өткізу күніне дейін қырық бес күнтізбелік күннен кешіктірмей хабарланады.

Акционерлердің жалпы жиналысын жүргізу жөнінде хабарлау бұқаралық ақпарат құралдарының баспа басылымында жариялануға және (немесе) акционердің назарына оған жазбаша хабарлау жіберу арқылы жеткізілуге тиіс. Егер де Банктің акционерлерінің сапы елу акционерден аспаса, хабарлау акционердің назарына оған жазбаша хабарлама жіберу арқылы жеткізілуге тиіс.

8. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар кеңесі қалыптастырады және талқылауға шығарылған нақты қалыптастырылған мәселелердің толық тізбесі болуға тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін ірі акционер немесе Директорлар кеңесі толықтыра алады, егер Банкі акционерлері мұндай толықтырулар жөнінде Жалпы жиналысты өткізу күніне дейін он бес күннен кешіктірмей хабарласа.

Күн тәртібіне өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізіле алынады, егер оны енгізуге Акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын Банкінің дауыс беретін акцияларының жиынтығында тоқсан бес пайызына ие болатын акционерлердің көпшілігі дауыс берсе.

9. Егер акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде оған қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар, Банктің дауыс беретін акцияларының жинақтан алғанда елу және одан да көп пайызын иеленген акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелсе, жиналыс күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

Өтпегенін орнына жүргізілген қайталанған Акционерлердің жалпы жиналысы, күн тәртібі мәселесін қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы, егер:

1) кворум болмау себебіне байланысты өтпеген Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталса;

2) тіркеуді аяқтау сәтіне оған қатысу үшін Банкінің дауыс беретін акциялары жиынтығының қырық және одан да астам пайыздарына ие акционерлер (немесе олардың өкілдері), оның ішінде сырттай дауыс беретін акционерлер тіркелген жағдайда.

Акционер Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қаралған мәселе бойынша өзі немесе өзінің өкілі дауыс беруге құқығы бар. Акционердің өкілі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ресімделген сенімхат негізінде әрекет етеді.

Акционерлердің жалпы жиналысында Банк Басқарма мүшелерінің акционерлер өкілдері ретінде сөз сөйлеуге құқығы жоқ.

10. Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болған кезде жарияланған уақытта ашылады, Жалпы жиналыстың төрағасын (президиумын) және хатшысын сайлайды. Банк Басқарма мүшелері, жиналысқа қатысып отырған барлық акционерлер атқарушы органға енгеннен басқа жағдайларда, акционерлердің жалпы жиналысында төрағалық ете алмайды. Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы Акционерлердің жалпы жиналысы хаттамасында көрсетілген мәліметтердің толықтығы мен сенімділігіне жауап береді.

Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру «бір акция – бір дауыс» қағидасы бойынша жүзеге асырылады, келесі жағдайлардан басқаларында:

1) Қазақстан Республикасы заңдық актілерінде қарастырылған жағдайларда бір акционерге берілетін акциялар бойынша дауыстың ең көп мөлшерін шектеу болса,

2) Директорлар кеңесі мүшелерін сайлаған кезде кумулятивті дауыс беру,

3) Акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің реттемелік мәселелері бойынша Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құқығы бар әрбір тұлғаға бір дауыс беру.

Кумулятивтік дауыс берген кезде акция бойынша берілетін дауысты акционер Директорлар кеңесі мүшесіне бір кандидатқа толық немесе оның Директорлар кеңесі мүшелеріне бірнеше кандидаттар арасында бөлуі мүмкін. Директорлар кеңесіне сайланған деп ең көп дауыс жинаған кандидаттар есептеледі. Дауыс беру бюллетендер бойынша акционердің өз қатысуымен ашық әдіспен және күпия дауыс берумен өткізілуі мүмкін.

11. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері және сырттай дауыс беруді өткізу арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлердің дауыс беруімен (аралас дауыс берумен) бірге не акционерлердің жалпы жиналысының отырысы өткізілмей қолданылуы мүмкін.

Сырттай дауыс беруді өткізген кезде дауыс беру үшін бірыңғай нысандағы бюллетендер акционерлердің тізіміне енгізілген адамдарға жіберіледі (таратылады).

Дауыс беру үшін бюллетендер акционерлер тізіміне кіргізілген тұлғаларға Акционерлер жалпы жиналысының отырысы өткізілуіне дейін қырық бес күшпен кешіктірілмей жіберіледі.

Сырттай дауыс беру үшін арналған бюллетенді акционер - жеке тұлға, осы тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсетіп қол қояды.

Акционер - заңды тұлғаның сырттай дауыс беруі үшін арналған бюллетенге оның басшысының қолы қойылуы тиіс және заңды тұлғаның мөрімен расталады.

Акционер- жеке тұлғаның қолы қойылмаған немесе акционер – заңды тұлғаның басшысының қолы қойылмаған жәнде заңды тұлғаның мөрімен расталмаған бюллетені жарамсыз болып табылады.

Дауыстарды санау кезінде акционер тарапынан бюллетенде белгіленген санау тәртібі сақталған және дауыс берудің мүмкін тәсілдерінің тек қана бір түрі ғана белгіленген мәселелер бойынша дауыстар есепке алынады.

Егер Акционерлер жалпы жиналысының күн тәртібінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау жөнінде мәселелер болса, сырттай дауыс беруге арналған бюллетенде әрбір үміткер үшін берілген дауыс санын көрсетуге арналған орын болуы тиіс.

12. Дауыс беру қорытындысы бойынша Жалпы жиналыстың хатшысы дауыс беру қорытындысы жөнінде хаттама жасайды және қол қояды, оны Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына қосады.

Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасын хатшы жасайды және жиналыс біткеннен кейін үш жұмыс күні ішінде Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (президиум мүшелері), хатшысы және Банкінің дауыс беретін акцияларының он және одан да астам пайызына иелік ететін акционерлер және Акционерлердің жалпы жиналысына қатысқандар қол қояды. Қол қоюға міндетті тұлға хаттамаға қол қоюы мүмкін болмаған жағдайда, хаттамаға оған берілген сенімхат негіздемесінде оның өкілі қол қояды.

13. Барлық акционерлердің Жалпы жиналыстардың хаттамаларын Банк Басқармасы сақтайды және кез келген уақытта кез келген акционерге тапсыру үшін берілуіне тиіс. Акционердің талап етуі бойынша оған Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасының көшірмесі беріледі.

14. Акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс беру нәтижелері Акционерлерге акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейін он күн ішінде оларды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау немесе әрбір акционерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы хабарланады.

Акционерлерге дауыс беру қорытындылары туралы хабарлау тәртібі осы Жарғының 26-бабында белгіленеді.

20 бап. Банк директорлар кеңесі

1. Қазақстан Республикасының заңдық актілерінде және осы Жарғыда Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Директорлар кеңесі Банктің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

2. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне келесі мәселелер жатады:

- 1) Банк қызметінің басым бағыттарын белгілеу;
- 2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
- 3) жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Банктің орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 5) Банктің жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;
- 6) Банктің облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау;

7) Банк Басқармасының сан құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысы және мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

8) Банк Басқармасының басшысы мен мүшелерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін және оларға еңбекақы және сыйлықақы төлеу талаптарын айқындау;

9) аудиторлық ұйым көрсеткен қызметтерге төленетін ақының мөлшерін, сонымен қатар, ірі мәміленің мәні болып табылатын мүлікті бағалау бойынша бағалаушыны айқындау;

10) ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;

11) Банктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (бұған Банк қызметін ұйымдастыру мақсатында Банк Басқармасы қабылдайтын құжаттар қосылмайды), оның ішінде Банктің бағалы қағаздарына жазылу мен аукциондар өткізу тәртібі мен шарттарын белгілейтін құжатты бекіту;

12) Банк филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

13) Банктің басқа заңды тұлғалардың 10 және одан көп пайыздағы акцияларын (жарғылық капиталдағы қатысым үлесін) және олардың қызметі мәселелері бойынша шешім қабылдау;

14) Банктің міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп проценті болатын шамаға көбейту;

15) бұрынғы Банк тіркеушісімен шарт бұзылған жағдайда Банктің тіркеушісін таңдау;

16) Банк немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;

17) ірі мәмілелер және жасалуына Банк мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;

18) Қазақстан Республикасының заң актілерімен, және осы Жарғыда көзделген, акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

3. Осы баптың 2-ші пунктінде көрсетілген тізбедегі мәселерді шешу Банк Басқармасына берілмейді.

4. Директорлар кеңесінің осы Жарғыға сәйкес Банк Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне қайшы шешім қабылдауға құқығы жоқ.

5. Директорлар кеңесі оның мүшелерін акционерлер жалпы жиналысының сайлауы арқылы құрылады. Директорлар кеңесі мүшелерін сайлау кумулятивтік дауыс берумен жүзеге асырылады. Акционердің оған жататын акциялар бойынша дауыстарын түгел бір кандидатқа немесе Директорлар кеңесі мүшелігіне бірнеше кандидаттар арасында бөліп беруге құқылы. Директорлар кеңесіне сайланған кандидаттар болып, ең көп дауыс жинағандар есептеледі. Егер Директорлар кеңесіне мүшелікке екі және одан астам кандидаттар бірдей дауыс жинаса, бұл кандидаттарға қатысты қосымша дауыс беру жүргізіледі.

6. Директорлар кеңесі мүшелігіне банкі акционері емес және акционер мүддесінің өкілі ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылмаған жеке тұлға сайлануы мүмкін.

Мұндай тұлғалардың саны Директорлар кеңесі құрамының елу пайызынан артауға тиіс.

7. Төрагадан басқа, Басқарма мүшелері, Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды.

Директорлар кеңесінің сан құрамы Акционерлердің жалпы жиналысымен анықталады, бірақ үш мүшеден кем болмауы керек. Директорлар кеңесі мүшелері санының кемінде үштен бірі тәуелсіз директорлар болуға тиіс. Директорлар кеңесіне сайланушы тұлғаларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы заңнамасымен және осы Жарғымен белгіленеді.

8. Директорлар кеңесі құрамына сайланған тұлғалар, шексіз рет қайтадан сайлана алады, егер бұл ҚР қолданылып жүрген заңдарға қайшы болмаса. Банк директорлар кеңесінің уәкілеттік мерзімі Банк Акционерлерінің жалпы жиналысымен белгіленеді. Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесі мүшелерінің барлығының немесе жеке мүшелерінің уәкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

Өзінің бастамасымен Директорлар кеңесі мүшесінің уәкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесін жазбаша хабарлама негіздемесінде жүзеге асырылады.

Мұндай Директорлар кеңесі мүшесінің уәкілеттігі алынған хабарламаны алған сәттен тоқтатылады.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау Акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған кумулятивтік дауыс берумен жүзеге асырылады, бұл орайда Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі тұтас алынғанда директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің отуімен бір мезгілде аяқталады.

9. Директорлар кеңесінің Төрағасы күпия дауыс берумен оның мүшелерінің санынан Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санынан көпшілік дауыспен сайланады. Директорлар кеңесі кез келген уақытта өзінің Төрағасын қайта сайлай алады. Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесі мәжілісін шақырады, мәжілістерде төрағалық етеді және хаттама жүргізуді ұйымдастырады. Директорлар кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімімен Директорлар кеңесінің басқа бір мүшесі жүзеге асырады.

Директорлар кеңесінің хатшысы Басқарма Төрағасымен тағайындалады. Директорлар кеңесінің хатшысы Директорлар кеңесінің мүшесі және Директорлар кеңесінің мүшесі болып табымайтын тұлға болуы мүмкін. Егер Директорлар кеңесінің хатшысы директорлар кеңесінің мүшесі болып табылмаса ол дауыс беру құқығына ие болмайды және шешімдер қабылдауда қатыспайды.

10. Директорлар кеңесінің мәжілісі Төрағаның немесе Басқарманың бастамасы бойынша немесе талап етуі бойынша шақырыла алынады:

- 1) директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Банкіге аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- 3) ірі акционердің;
- 4) ішкі аудит қызметінің.

Директорлар кеңесінің мәжілісін шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына Директорлар кеңесінің мәжілісіне ұсынылатын күн тәртібі көрсетілген тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы қойылады.

Егер Директорлар кеңесінің төрағасы мәжілісті шақырудан бас тартса бастамашы осы талаппен Басқармаға жүгіне алады. Басқарма өз кезегінде директорлар кеңесінің мәжілісін шақыруға міндетті.

Директорлар кеңесінің мәжілісі Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Басқарма төрағасымен шақыру туралы талап түскен күннен бастап екі күннен кешіктірілмей шақырылуы тиіс.

Директорлар кеңесінің мәжілісі осы талапты қойған тұлғаны міндетті түрде шақыруымен өткізіледі.

Директорлар кеңесінің мәжілісі Директорлар кеңесінің құзыретіне қатысты мәселелерді шешу қажеттілігіне қарай шақырылады және өткізіледі (директорлар кеңесінің қарауына мәселелерді жіберген күннен бастап екі күннен кешіктірілмей). Директорлар кеңесінің мәжілісін дайындау Директорлар кеңесінің хатшысымен жүзеге асырылады, ол өз кезегінде күн тәртібін құрайды және мәжілістің өткізілуіне дейін бір күннен кешіктірілмей Директорлар кеңесінің Төрағасына және мүшелеріне күн тәртібінің мәселелерін және күн тәртібінің мәселелері бойынша құжаттар жөнінде мәлімет береді.

11. Директорлар кеңесінің құзыреттілігіне жататын мәселелерді шешу қажеттілігі туындаған жағдайда (қарастырылатын мәселе Директорлар кеңесіне 2 күннен кешіктірілмей жіберілгеннен кейін) жиналыс өткізіледі. Директорлар кеңесінің отырысы хатшымен дайындалады, күн тәртібін реттеп, отырыс алдында Төрағаға және кеңес мүшелеріне отырысқа дейін бір күн алдында күн тәртібінің мәселелері, материалдары туралы хабарлайды.

12. Банкінің Директорлар кеңесі мәжілісін жүргізу үшін кворум банкі Директорлар кеңесі мүшелерінің сайланған санының жартысынан кем болмау керек. Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің саны Акционерлердің жалпы жиналысында сайланғандардың жартысынан аз болса, Банкінің Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін Директорлар кеңесі Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруға міндетті. Банкінің Директорлар кеңесінің қалған мүшелері тек Банкінің акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруға шешім қабылдауға құқылы.

13. Дауыс беру тікелей ашық әдіспен немесе сырттай дауыс беру арқылы өткізілуі мүмкін. Банкі Директорлар кеңесі мәжілісінде шешім қатынасатын Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады. Банкінің Директорлар кеңесінің мәжілісінде мәселелер шешкенде Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Директорлар кеңесінің бір мүшесінің дауыстарын Банкінің Директорлар кеңесінің басқа мүшесіне табыс етуіне тыйым салынады. Банкі Директорлар кеңесі мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда шешім қабылдау үшін Директорлар кеңесі Төрағасының немесе оның функцияларын атқаратын Директорлар кеңесінің мүшесінің шешуші дауыс үшін құқығы бар.

Директорлар кеңесінің шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру мәжілісіне қатысушы Директорлар кеңесінің мүшелерінің ашық түрінде дауыс беруімен қатар (аралас дауыс беру) немесе Директорлар кеңесінің мәжілісі өткізілмей қолданылуы мүмкін.

Сырттай дауыс беру өткізуде бірегей нысандағы дауыс беру бюллетендері (сұрау парақтары) Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберіледі (таратылады).

Директорлар кеңесінің мүшелері бюллетенді (сұрау парақтарын) алу кезінде «қолдаймын»/«қарсымын» графаларына әр бір мәселе бойынша өз дауыс беру түрін белгілейді және «қолы» графасына өз қолын қояды. Дауыстарды санау кезінде Директорлар кеңесінің мүшесі бюллетенде (сұрау қағазында) белгіленген дауыс беру тәртібін сақтап дауыс берген және мүмкін болған дауыс беру түрлерінің тек қана бір түрін белгілеп дауыс берген мәселелер бойынша дауыстар есептеледі.

Сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдер, егер оны қолдап Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілігі дауыс берсе, заңды болып есептеледі.

Сырттай дауыс беру арқылы өткізілген Директорлар кеңесінің мәжілісінің өткізілген күні болып Директорлар кеңесінің мүшесі бюллетенге (сұрау қағазына) ең соңғы қол қойған күн саналады.

14. Банкі Директорлар кеңесінің мәжілісінде хатшы хаттама жүргізеді. Банкі Директорлар кеңесі мәжілісінің хаттамасы оны өткізгеннен кейін үш күннен кешіктірмей рәсімделеді және мәжілісте төрағалық еткен тұлға және хатшы қол қояды. Директорлар кеңесінің хатшысы Директорлар кеңесі мүшесінің талабы бойынша Директорлар кеңесі мәжілісінің хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдермен танысу үшін және/немесе хаттамалармен шешімдердің өз қолы қойылған және Банк мөрімен расталған үзінді беруге міндетті.

1. Банктің ағымдағы қызметіне алқалы атқарушы орган - Банк Басқармасы басшылық етеді.

2. Банкі Басқармасы Акционерлердің жалпы жиналысы және Банкі Директорлар кеңесінің шешімін орындайды.

3. Банк Басқармасы Банкі атынан әрекет етеді, Банкінің ұйымдық құрылымын бекітеді, шешім (қаулы) шығарады және Банкінің барлық қызметкерлерінің орындаулары міндетті болатын нұсқау береді.

4. Басқарма төрағасы және оның мүшелері Банкі Директорлар кеңесімен сайланады. Басқарманың сапалық құрамы Банкі Директорлар кеңесімен анықталады. Басқарма Банкі Директорлар кеңесі белгілеген мерзімге сайланады. Басқарма төрағасының немесе мүшелерінің уәкілеттігі Банкі Директорлар кеңесінің өз бастамасы бойынша немесе Басқарма төрағасының ұсынысы бойынша кез келген уақытта мерзімнен бұрын тоқтатылуы мүмкін. Басқарманың барлық мүшелерінің уәкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда Банкі Директорлар кеңесі бір мезгілде Басқарманың жаңа құрамын сайлайды.

Банкінің акционерлері және оның акционерлері болып есептелмейтін Банк қызметкерлері Басқарма мүшелері бола алады. Басқарма мүшелерінің функциялары, құқықтары мен міндеттері ҚР қолданышылып жүрген заңдарымен, Банктің осы Жарғысымен, сондай-ақ олардың әрқайсының Банкімен жасаған жеке еңбек шартымен анықталады.

Банкі Басқармасы Төрағасымен жасалған жеке еңбек шартына Банкі атынан Банкінің Директорлар кеңесі Төрағасы немесе осыған Акционерлердің жалпы жиналысымен немесе Банкі Директорлар кеңесімен уәкілеттілендірілген тұлға қол қояды. Басқарманың басқа мүшелерімен жасалған жеке еңбек шартына Басқарма Төрағасы қол қояды.

5. Банк Басқармасының мүшесі Директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы. Банктің Басқармасының Төрағасы басқа заңды тұлғаның атқарушы органының басшысы, немесе басқа заңды тұлғаның атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлға лауазымын иемдене алмайды.

6. Банк Басқармасы құзыретіне қолданыстағы заңнамамен, осы Жарғымен немесе Акционерлердің жалпы жиналысы және/немесе Директорлар кеңесі қабылдаған ішкі құжаттармен анықталған Акционерлердің жалпы жиналысы және Директорлар кеңесінің айырықша құзыретіне жатпайтын Банк қызметін қамтамасыз етудің барлық мәселелері, соның ішінде:

1) Банк қызметінің басым бағыттарын, дамуының перспективалық және негізгі жоспарларын, соның ішінде Банктің жылдық бюджеті және инвестициялық бағдарламаларын құрастыру және Директорлар кеңесіне ұсыну, оларды орындау туралы есептер дайындау, сонымен қатар, Банк қызметінің ағымдағы жоспарларын құрастыру және бекіту;

2) Банктің перспективалық, ағымдағы жоспарлары мен бағдарламаларын ұйымдастыру, Банктің инвестициялық, қаржылық және өзге жобаларын жүзеге асыру;

3) Акционерлердің жалпы жиналысы және Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдерді жүзеге асыру;

4) Банктің ішкі қызметін реттейтін ішкі нормативтік құжаттар жобаларын қарау және Директорлар кеңесіне бекіту үшін жіберу жатады.

7. Банкі Басқармасы Төрағасы:

1) үшінші тұлғалармен қатынастарда Банк атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) Банк атынан үшінші тұлғалармен қатынастардағы өкілдік ету құқығына сенімхат береді;

3) Банк қызметкерлерін (заңдық актілермен белгіленген жағдайларды қоспағанда) қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады, Банктің штат кестесіне сәйкес

Банк қызметкерлерінің лауазымдық жаалақыларының және жаалақыларына дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, Банк Басқармасының және Банктің ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, Банк қызметкерлеріне берілетін сыйлықақы мөлшерін айқындайды;

4) Акционерлердің жалпы жиналысы мен Банктің Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуыш ұйымдастырады;

5) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін атқаруды Басқарма мүшелерінің біреуінде жүктейді;

6) Басқарма мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттік саясатын және жауапкершілікті бөледі;

